

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 23 ақпандағы N 690 тіркелген, "Қазақстан Республикасындағы көлік құралдарын және олардың тіркемелерін тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1998 жылғы 12 қазандағы N 343 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 1 қазандағы N 632 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2038. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 90 Бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2010.02.26 № 90 Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасындағы көлік құралдарын және олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеу ережесінің 34 және 64-тармақтарын Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік құралдарын және олардың тіркемелерін тіркеу ережесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 23 ақпандағы N 690 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1999 жылғы 9 қарашадағы N 561 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2000 жылғы 20 қарашадағы N 614 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 249 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2001 жылғы 28 қазандағы N 762 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 1998 жылғы 12 қазандағы N 343 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы көлік құралдарын және олардың тіркемелерін тіркеу ережесіне:

34-тармақтағы 12-тармақшаның ескертпесінде "мемлекеттік мүлік жөніндегі органдардың" деген сөздерден кейін "не заңды тұлғалар бойынша, мемлекеттік меншіктік құқықты субъекттік функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың рұқсаты" деген сөздермен толықтырылсын;

64-тармақ төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де

о р г а н д а р ғ а . " .

2. Облыстардағы, Астана және Алматы қалалары ПББ-нің, ПБ-нің бастықтары ереже толықтыруларының мазмұнын бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып түсіндірме жұмысын жүргізу арқылы мекемелердің, ұйымдардың және халықтың назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ішкі істер Вице-Министрі полиция генерал-майоры И.И.Оттоға және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаментіне (Б.Н.Өмірзақов) жүктелсін.

*М и н и с т р*

*генерал-полковник*